

"Ауылшармаш" акционерлік компаниясы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 сәуірдегі N 509

"Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" және "1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Іс-қимыл бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес нарықтық қатынастарды қалыптастыру, бәсекелестікті дамыту, жекешелендіру процестерін тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Ауылшармаш" акционерлік компаниясына қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетін және купондық аукциондарда, акционерлік қоғамда сатылмаған акцияларды иелену, иелік ету құқығын берсін.

2. "Ақ жол" мемлекеттік холдинг компаниясының мәселелері"

туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 наурыздағы N 279 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 9, 105-бап) 2-тармағының 2 абзацының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 26 сәуірдегі
N 509 қаулысына
қосымша

"Ауылшармаш" акционерлік компаниясының иелену және иелік етуі құқығына акцияларының мемлекеттік пакеттері және купондық аукциондарда сатылмаған акциялары берілетін акционерлік қоғамдар тізбесі

"Поршень" АҚ-ы, Алматы қаласы

"Запчасть" АҚ-ы, Жамбыл қаласы

"Қызылордакүрішмаш" АҚ-ы, Қызылорда қаласы

"Тоңғызақ механика заводы" АҚ-ы, Комсомолец поселкесі,
Қостанай облысы
"Павлодартрактор" АҚ-ы еншілес кәсіпорындармен, Павлодар қаласы
"Петропавл аз тиражды двигательдер заводы" АҚ-ы, Петропавл
қаласы
"Қостанай дизель заводы" АҚ-ы, Қостанай қаласы
"Мамлют машина жасау заводы" Мамлют қаласы, Солтүстік Қазақстан
облысы
"Талап" АҚ-ы, Булаево қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы
"Целинсельмаш" АҚ-ы, Ақмола қаласы
"Қазақсельмаш" АҚ-ы, Ақмола қаласы
"Литмаш" АҚ-ы, Ақмола қаласы
"Манкентсельмаш" АҚ-ы, Белые Воды селосы, Оңтүстік Қазақстан
облысы
"ГипроНИИхиммаш" АҚ-ы, Алматы қаласы
"Павлодар басқарудың автоматтандырылған жүйесінің
жобалау-конструкторлық институты" (ПКИ АСУ) АҚ-ы Павлодар қаласы